

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің  
Басқарма төрағасы-Ректор

Л.Ч.Карабасова

« 30 » 10 2022 ж.



**ҚОСДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым**

**Ақтөбе, 2022ж.**

**ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ**

Академиялық қызмет департаментінің директоры  Бишекен С.К.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («30» 11 2022 ж., хаттама № 5)  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен

**БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ** жаңасын ауыстырғанға дейін

**4-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

## **1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

1.1 Осы Ереже қосдипломды білім беруді ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2 Осы Ереже университеттің білім алушылары, профессорлық-оқытушылық құрамы мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

## **2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (14.07.2022ж. №141-VII өзгерістер мен толықтырулармен).

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №79 өзгерістер мен толықтырулармен).

2.3 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2022 жылғы 18 қарашадағы №145 бұйрығы).

2.5 Серіктес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумдар.

## **3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1 Әлемдік білім беру кеңістігіндегі интеграциялық процестер қазақстандық азаматтардың шетелдік білімге қолжетімділігін кеңейтуге, оның сапасы мен тартымдылығын арттыруға, білім алушылардың, оқытушылар мен академиялық қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын кеңейтуге бағытталған.

3.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі ынтымақтастық түрі екі (немесе қосарланған) диплом бере отырып, Бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

3.3 Қосдипломды білім беру университетішілік білім бағдарламалары арасында, екі серіктес ЖОО арасында да жүзеге асырылады.

3.4 Бірлескен білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББББ) – бұл екі және одан да көп ЖОО бірлесіп әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламасы. Бұл ретте оқу модульдерінің бір бөлігін серіктес ЖОО-ның профессор-оқытушылық құрамы оқытады.

3.5 ББББ әзірлеу әдістемесі қазақстандық жоғары оқу орындарына еуропалық оқыту жүйесін енгізуге негізделеді, соған сәйкес мыналар көзделеді:

- Дублин дескрипторларын және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көпдеңгейлі білім беру мазмұнын түсіну;
- білім беру бағдарламаларын жобалаудың негізі ретінде құзыреттілік тәсіл, модульдік, икемділік;

- бұрын берілген критерийлерге сәйкес қол жеткізілген оқу нәтижелерінің өлшемділігі.

3.6 ББББ қалыптастырудың негізгі принциптері:

- сұраныс;
- серіктестік;
- бағдарламаны институционалдық қолдау;
- бағдарламаны әзірлеу мен іске асыруды кадрлық қамтамасыз ету;
- бағдарламаны әзірлеу мен іске асыруды әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- ақпараттық саясат;
- жаңа бағдарламаның тұрақтылығы мен дамуы.

3.7 ББББ-сын АӨУ-де іске асыру мыналарға ықпал етеді:

- ЖОО-ның халықаралық беделін арттыру;
- АӨУ-де шетелдік студенттер санының артуы;
- тұрақты стратегиялық серіктестік құру;
- білім беру және ғылыми зерттеулер саласындағы жоғары оқу орындарының мықты жақтарын біріктіру арқылы инновациялық бағдарлама құру мүмкіндіктері;

- бағдарламаның өзінің де, түлектердің де бәсекеге қабілеттілігі.

3.8 ББББ қатысатын АӨУ оқытушылары төмендегідей мүмкіндік алады:

- ұқсас пәндерді оқытудың басқа контексті, оқу мен оқытудың өзге әдістері туралы білу;
- БББ оқу жоспарын байыту мен әртараптандыруға, серіктес университеттердің күшті жақтарын біріктіре отырып, оны инновациялық ету;
- мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамыту;
- зерттеу мен бірлескен жарияланымдар саласындағы ынтымақтастық үшін байланыстар орнату.

3.9 АӨУ студенттері үшін ББББ артықшылықтары:

- шетелде дәрежелері мен кредиттерін автоматты түрде мойындау;
- серіктес университеттің ресурстарына, кітапханаларына, зертханаларына қол жеткізу;
- магистранттар мен докторанттар үшін – халықаралық академиялық және ғылыми қауымдастықтарға кіру, пайдалы байланыстар орнату мүмкіндігі.

3.10 АӨУ-де ББББ енгізу формалары әртүрлі болуы мүмкін:

- білім алушылардың кредиттік ұтқырлығы;
- ПОҚ және қызметкерлердің ұтқырлығы;
- қашықтықтан оқыту;
- немесе осы формалардың комбинациясы.

3.11 ББББ формаларының бірі – екі (немесе қосарланған) диплом беретін бірлескен білім беру бағдарламалары.

3.12 Қосдиплом бағдарламалары (бұдан әрі – ҚДБ) – әріптес университеттердің білім беру бағдарламаларының салыстырымдылығы мен үндестірілуіне негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттарын айқындау, оқу жоспарын дайындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін

дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

3.13 ҚДБ АӨУ ішінде де, Университет пен серіктес ЖОО арасында да келісім негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3.14 ҚДБ әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС талаптары, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша Оқу процесін ұйымдастыру ережелері және серіктес ЖОО-ның талаптары ескеріледі.

3.15 Сонымен қатар міндетті шарттарға мыналар жатады:

- екі серіктес ЖОО-ның келісілген білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын әзірлеу және бекіту. Әрбір серіктес ЖОО модульдерді әзірлеу, оларды ақпараттық-әдістемелік және дидактикалық жағынан қамтамасыз ету;
- екі серіктес ЖОО-ның келісілген білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын әзірлеу және бекіту. Әрбір серіктес ЖОО модульдерді әзірлеуді, оларды ақпараттық-әдістемелік және дидактикалық жағынан қамтамасыз ету.
- қосдипломды білім беру бағдарламасына енгізілген білім алушылардың серіктес ЖОО-да білім беру бағдарламасының бір бөлігін игеру;
- келісімдер, сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде серіктес ЖОО-да оқу кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде мойындау және автоматты түрде қайта есептеу;
- АӨУ оқытушыларын қосдипломды білім беру бағдарламасына тарту, білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын бірлесіп әзірлеу, серіктес ЖОО-да оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу.

3.16 ҚДБ өзінің ЖОО және серіктес ЖОО-да білім алушыларды қабылдау рәсімдерін қарастырады.

3.17 Білім алушыларды қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізу рәсімдерін серіктес ЖОО өзара келісімдер негізінде әзірлейді.

3.18 Бұл рәсімдер білім алушыларды өз ЖОО-дағы қос дипломды білім беру бағдарламасына қосу процесін және шетелдік білім алушыларды қос дипломды білім беру бағдарламасына қабылдау процесін көрсетеді.

3.19 Білім алушыны қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізу оның өтініші негізінде және серіктес ЖОО-мен жасалған келісімге (шартқа) сәйкес жүзеге асырылады.

3.20 Қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар «енгізілген білім» деген ерекше белгісі бар және оқу кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттер көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді.

3.21 Серіктес ЖОО-да оқу ақысы жасалған келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

3.22 ҚДБ бойынша білім алушы білім беру бағдарламасының модульдік оқу жоспарының міндетті компонентіне кіретін барлық пәндерді меңгереді, сондай-ақ серіктес ЖОО-ның білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарына кіретін пәндерді таңдау пәндері ретінде меңгереді.

3.23 Екі білім беру бағдарламасының пәндерін қамту білім алушылардың жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Білім алушы толық көлемде практиканың барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан өтеді.

3.24 Бағдарламаны басқарудың жалпы құрылымында әрбір серіктес ЖОО немесе жоғары оқу орнының факультеті білім алушылар үшін де, оқытушылар үшін де сабақтардың тікелей қатысу және қашықтықтан оқыту формаларын өткізуге жағдай жасайды.

3.25 Білім алушының жеке оқу жоспарына қосымша білім беру модульдері мен жазғы семестрлер кіреді.

3.26 Қос дипломды білім берудің оқу жоспарларын әзірлеу кезінде АӨУ және серіктес ЖОО оқыту траекториясын, пәндер тәртібін, оқу және өнеркәсіптік практикадан өтуді, аралық аттестаттау рәсімдерін өздері айқындайды.

3.27 Қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде серіктес жоғары оқу орындарының келісімі бойынша міндетті компонент пәндерін игерудің еңбек сыйымдылығы орнықтылық пен кәсіби бағдарлану қағидаттары негізінде ұлғаюы мүмкін.

3.28 Пәндерді тану рәсімі және олардың өзара есебі олардың мазмұнына және оқудың еңбек сыйымдылығына сәйкес жүзеге асырылады.

3.29 Оқытудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оқу жетістіктері (академиялық көрсеткіштері) әрбір модуль бойынша семестр аяқталғаннан кейін серіктес ЖОО-ға жіберіледі.

3.30 Әр оқу жылының соңында бағдарламаның тиісті модулін жүргізетін серіктес ЖОО білім алушыға транскрипт береді.

3.31 Серіктес ЖОО-да немесе ЖОО ішіндегі екінші мамандық бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу, оқу жоспары пәндеріндегі айырмашылықты жою тәртібі мен мерзімдері бөлім басшысының (деканның) өкімімен ресімделеді.

3.32 Тіркеуші кеңсесі серіктес ЖОО белгісі бар академиялық транскриптке немесе ЖОО ішіндегі екінші мамандық бойынша жеке транскриптке есептелген пәндер мен кредиттер санын енгізеді.

3.33 Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және екі транскрипт беріледі.

3.34 Бұл ретте дипломның жеке құжат формасы (бір немесе екі ұлттық ЖОО дипломына қосымша берілетін), бірыңғай құжат формасы (осы білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық дипломдар бермей оқытуды жүзеге асыратын серіктес ЖОО берген) немесе бір мезгілде берілетін бірнеше ұлттық диплом формасы болады.

3.35 ҚДБ әртүрлі формада жүзеге асырылады:

- екі білім беру бағдарламасы бойынша бірлескен диплом;
- әр түрлі мәртебеге ие екі диплом;
- бірдей мәртебеге ие екі диплом.

3.36 Екі білім беру бағдарламасы бойынша бірлескен диплом формасы бір мезгілде екі мамандық бойынша оқыту негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда бір диплом беріледі (екі мамандық бірдей және әр мамандық бойынша екі бөлек транскрипт көрсетілген ЖОО-ның бірі, болмаса өз ЖОО-ның транскриптімен бір диплом және формасы серіктес ЖОО арасындағы келісім бойынша айқындалатын екінші бірлескен диплом транскриптімен қоса).

3.37 Әртүрлі мәртебеге ие екі дипломның формасы екі түрлі білім беру бағдарламалары (сэндвич-бағдарламалар) бойынша оқыту негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда транскриптімен АӨУ бір негізгі дипломы беріледі. Қосымша екінші мамандық бойынша білім алушы формасы серіктес ЖОО-ның келісімі бойынша қабылданатын екінші академиялық дәреже беру туралы диплом мен транскрипт алады.

3.38 Мәртебесі бірдей екі дипломның формасы бір мамандық бойынша оқыту негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда АӨУ транскриптімен, сондай-ақ бірдей мәртебеге ие серіктес ЖОО транскриптімен екі диплом беріледі.

3.39 Сондай-ақ, мәртебесі бірдей екі дипломның формасы ЖОО ішінде екі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда әр білім беру бағдарламасы бойынша екі диплом және екі транскрипт бөлек беріледі.

3.40 Серіктес ЖОО білім алушыларға дипломдарды ұлттық талаптарға сәйкес тәртіппен және мерзімінде тапсыруды қамтамасыз етеді.

3.41 Білім алушылардың қазақстандық ЖОО дипломдарымен бір мезгілде алған шетелдік серіктес ЖОО-ның дипломдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында мойындалады.

## **4 ҚДБ-да БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

4.1 Білім алушылардың жетістіктерін бағалау және кредиттерді жинақтау рәсімдерін жүзеге асыру үшін: бағаларды салыстыру кестесін бекіту; білім алушыны оқудан шығару ережелерін келісу (мысалы, егер білім алушы бір ЖОО-да жақсы үлгерген, бірақ басқа ЖОО-да емтихан тапсыра алмаған жағдайда); қайта есептеу қағидаларын айқындау; практика орнын айқындау және т. б.

4.2 Қорытынды аттестаттау серіктес ЖОО орналасқан елдің білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 Қорытынды аттестаттау және біліктілік беру рәсімін жүзеге асыру үшін: дипломдық жобаға немесе диссертацияға қойылатын талаптарды бірлесіп бекіту, бірлескен ікомиссия құру қажет. Дипломға қосымшада кредиттердің бір бөлігі бірлескен білім беру бағдарламасы шеңберінде серіктес ЖОО-да игерілгені көрсетілуі мүмкін.

4.4 Жұмысты қорғау білім алушының қорытынды аттестаттауға тікелей қатысуымен жүргізіледі. Бітіру жұмысын қорғау техникалық мүмкіндіктер болып және серіктес ЖОО-ның мемлекеттік аттестаттау комиссиялары

отырысының мерзімдері сәйкес келген жағдайда бейнеконференциялар түрінде жүргізілуі мүмкін.

4.5 Серіктес ЖОО-ның бірінде қорғалған бітіру жұмысын екінші тарап мойындайды.

## **5 УНИВЕРСИТЕТТЕ ҚДБ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ**

5.1 ҚДБ-ны АӨУ-де жүзеге асыру білім беру қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық және нормативтік-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

5.2 Университетте ҚДБ-ны іске асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжаттар:

- АӨУ мен серіктес ЖОО арасында жасалған ынтымақтастық туралы екіжақты келісімшарт

- бағыттаушы ЖОО мен білім алушылар арасындағы үшжақты келісімшарт;

- типтік оқу жоспарлары;

- оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарлары;

- пәндер бойынша оқу бағдарламалары.

5.3 Осы құжаттарды әзірлеу мен бекітудің тәртібін, формасын АӨУ және серіктес ЖОО дербес айқындайды.

5.4 ҚДБ-ны іске асыру туралы келісімшарт реттейтін мынадай ережелерді қамтуы тиіс:

- ҚДБ бойынша оқуға қабылдау және іріктеу тәртібі (критерийлері), білім алушылардың мәртебесі (құқықтары мен міндеттері)

- бағдарламаның мазмұны мен құрылымы (оқу жоспары, оқу ұзақтығы және жалпы еңбек сыйымдылығы, білім алушыларға қойылатын талаптар);

- серіктес ЖОО арасында қызметтерді (міндеттерді) бөлу, әрбір ЖОО ұсынатын ресурстардың сипаты мен көлемі;

- бағдарламаны қаржыландыру көздері мен тәртібі, серіктес ЖОО арасында қаржылық міндеттемелерді бөлу;

- серіктес ЖОО оқу процесін ұйымдастыру тәртібі;

- қосдиплом бағдарламасын іске асыру туралы келісімшартты өзгерту (ұзартуды немесе бұзуды қоса алғанда) тәртібі, сондай-ақ бағдарламаны іске асыру барысында туындайтын дауларды шешу тәртібі;

- серіктес ЖОО-да оқу нәтижелерін (кезеңдерін) өзара мойындау тәртібі;

- ҚДБ аяқтағаннан кейін серіктес ЖОО-лар беретін құжаттың түрі (мәртебесі).

5.5 ҚДБ үшін серіктес ЖОО-ны таңдау кезінде мыналар назарға алынады:

- серіктес ЖОО-да жоспарланған ҚДБ түлектеріне білімі туралы құжатты беретін құқығы бар ресми лицензиясының (және аккредитациясының) болуы;

- серіктес ЖОО-ның рейтингі, қызмет саласы, мамандануы;



- серіктес ЖОО-мен ынтымақтастықтың бұның алдындағы тәжірибесі;
- серіктес ЖОО-ның бағдарламаның табысты жұмыс істеуі үшін қажетті кадрлық, ақпараттық және материалдық ресурстармен қамтамасыз ету қабілеті;

- ҚДБ шеңберінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыратын серіктес ЖОО-ның білім алушыларының, оқытушылары мен әкімшілік персоналының қауіпсіздігін (қажет болған жағдайда көлікпен, тұратын орынмен және медициналық сақтандырумен) қамтамасыз ету қабілеті;

- ғылыми зерттеулер жүргізу үшін мықты материалдық-техникалық және зертханалық базаның болуы және т.б.

5.6 ҚДБ лицензиясы бар АӨУ бағыттары мен мамандықтары бойынша іске асырылады.

5.7 АӨУ кафедраларында ҚДБ-ны іске асыру жөніндегі ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін жауапты тұлға тағайындалады.

5.8 ҚДБ-ны университет бойынша қызметін үйлестіруді университетішілік жауапты құрылымдар жүзеге асырады.

5.9 Университет ректоры білім беру бағдарламасының мүдделі тұтынушыларын қоса отырып әр мамандық бойынша комиссия құрамы туралы бұйрық шығарады:

- серіктес ЖОО өкілдері,
- осы саладағы мамандар,
- студенттік, профессорлық-оқытушылық құрам өкілдері.

5.10 ҚДБ және серіктес ЖОО оқу жоспарлары жөніндегі комиссия мүшелері әрқайсысы үшін бірдей кредиттер санын (мысалы, 5 ECTS кредиті) немесе оның еселігін (мысалы, 5,10,15 ECTS) белгілей отырып, білім беру компоненттерінің көлемін стандарттайды. Осылайша, компонентке берілетін кредиттер саны алдын-ала анықталады. Бұл жағдайда курстық бірліктер «модульдер» деп аталады.

5.11 Серіктес ЖОО бітіруші кафедраларының оқытушылары оқытудың барабар және қол жеткізуге болатын нәтижелерін анықтайды және компоненттердің стандартты мөлшеріне сүйене отырып, оқу қызметін сипаттайды. Болжалды оқу жүктемесі осы компонент үшін белгіленген кредиттер санына сәйкес келуі керек.

5.12 ҚДБ мазмұнын ҚР МЖМБС белгілейді және білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұны мен құрылымын сипаттау арқылы іске асырылады.

5.13 Факультет серіктес ЖОО-да оқығысы келетін үміткерлердің өтініштерін уақтылы жинауға жауап береді.

5.14 Өтініш берушілерге оқудың басталу күні туралы қажетті ақпарат, байланыс ақпараты (телефон нөмірлері, факс, электрондық пошта адрестері және т.б.) беріледі, серіктес ЖОО-ға қабылдау рәсімі түсіндіріледі, серіктес ЖОО туралы жалпы ақпарат беріледі.

5.15 Қабылдаушы ЖОО-да білім алушылар қабылдаушы тараптың ережелеріне сәйкес әкімшілік қабылдау рәсімдерінен өтеді.

5.16 Білім алушылардың басқа елде болуының барлық мәселелері (жатақхана беру, сақтандыру мәселелері, ресми құжаттар және т.б.) үшжақты келісімшартта көрсетіледі.

5.17 ЖОО ішінде қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша білім алғысы келетіндер үшін бұл бағдарлама бірінші академиялық кезеңнен бастап, бірақ төртінші академиялық кезеңнен кешіктірмей екінші мамандық кредиттерінің көлемін ескере отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

5.18 Қажет болған жағдайда білім алушылардың ҚДБ-ны игеру ұзақтығы оны іске асырудың таңдалған моделіне байланысты бакалавриатта 1-1,5 жылға, магистратурада – 0,5-1 жылға, докторантурада – 1 жылға ұлғаюы мүмкін.

5.19 ҚДБ іске асыру кезінде оқу нәтижелері мен оқу кезеңдерін қайта есептеу келісілген мерзімдерді, еңбек сыйымдылықтарын және бекітілген бірлескен бағдарламаларды іске асыру шарттарын өзара мойындауға байланысты жекелеген қайта есептеу рәсімдерін жүргізуді талап етпейді.

5.20 ҚДБ серіктес ЖОО-да немесе ЖОО ішіндегі екінші мамандық бойынша құзыреттердің бір бөлігін игере отырып іске асырылған жағдайда (енгізілген оқыту) білім алушыны енгізілген оқуға жіберу туралы мәселе факультет кеңесінде қаралады, шешімді Ғылыми кеңес қабылдайды және ректордың бұйрығымен рәсімделеді.

5.21 Білім беру бағдарламасының модульдік оқу жоспары, сондай-ақ білім алушыны қабылдауға серіктес ЖОО-ның келісімшарты (келісімі) немесе студент пен АӨУ арасындағы қосымша келісім шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Бұйрық негізінде білім алушыға серіктес ЖОО-да енгізілген оқуға анықтама-жолдама беріледі.

5.22 Анықтама-жолдама формасын ЖОО дербес белгілейді. Бұл ретте анықтама-жолдамада мыналар көрсетіледі:

1) бір немесе бірнеше оқу кезеңдерін меңгерген жағдайда:

- серіктес ЖОО-да оқу кезінде есепті бірліктердегі оқу кезеңінің қалыптасатын құзыреттеріне және еңбек сыйымдылығына қойылатын талаптар, олардың АӨУ білім беру бағдарламасының оқу жоспарының академиялық кезеңіне (академиялық кезеңдеріне) сәйкестігі;

- оқытудың академиялық кезеңдерін (этаптарын) табысты игеруі туралы серіктес ЖОО беретін құжаттарды ұсыну тәртібі мен мерзімдері.

2) бір немесе бірнеше пәндерді меңгерген жағдайда:

- серіктес ЖОО-да оқу кезінде есепті бірліктердегі оқу пәндерінің қалыптасатын құзыреттеріне және еңбек сыйымдылығына қойылатын талаптар, олардың білім беру бағдарламасының оқу жоспарының бір немесе бірнеше пәндеріне сәйкестігі;

- серіктес ЖОО-ның пәндерді табысты игеруі туралы беретін құжаттарын ұсыну тәртібі мен мерзімдері.

5.23 Енгізілген оқу нәтижелері бойынша пәндерді алмастырып тану туралы шешімді факультет деканы қабылдайды. Бір немесе бірнеше пәндерді игерген жағдайда немесе енгізілген оқуға жіберу анықтамасында жазылған талаптарды толық орындамаған жағдайда, факультет деканы белгіленген

тәртіппен жойылатын академиялық берешектің көлемі мен құрылымын айқындайды. Академиялық берешекті қайта есептеу және (немесе) жою туралы шешім тиісті бұйрықпен рәсімделеді.

5.24 Енгізілген оқу кезде пәндерді алмастырып тануда мыналар негіз болып табылады:

- енгізілген оқуға анықтама-жолдама;
- серіктес ЖОО берген академиялық анықтама.

Университет ішінде негізгі мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасы пәндерді алмастырып тануда негіз болып табылады.

5.25 Қайта есептеу серіктес ЖОО ұсынған, ал ЖОО ішінде тиісті құрылымдар, еңбек сыйымдылығын (оқу мерзімдерін) және тиісті пәндер-модульдер (оқу кезеңдері) бойынша қорытынды бағаларды (аттестаттау нәтижелерін) көрсеткен құжаттар негізінде жүргізіледі.

5.26 Білім алушы академиялық кезеңді тұтастай игергенде, енгізілген оқуға жіберуде баяндалған талаптарды толық орындаған жағдайда, анықтамаға қайта есептеу туралы бұйрықтың деректемелері, пәндердің атаулары, еңбек сыйымдылығының көлемі және серіктес ЖОО-да берілген академиялық анықтамадан (немесе оның баламасынан) осы оқу кезеңі бойынша бағалары енгізіледі.

5.27 Бір немесе бірнеше пәндерді игерген жағдайда немесе енгізілген оқуға жіберілген анықтамада жазылған талаптарды толық орындамаған жағдайда анықтамаға танылған пәндер туралы бұйрықтың деректемелері, пәндердің атаулары, қолданыстағы оқу жоспарына сәйкес академиялық берешекті жою нәтижесінде алған балы мен еңбек сыйымдылығы енгізіледі.

5.28 ҚДБ бойынша оқыту нәтижелерінің сапасын қорытынды бақылаудың/тексерудің арнайы рәсімдері АӨУ мен серіктес жоғары оқу орындарын тиісті лицензиялармен және аккредиттеу туралы куәліктермен расталатын лицензияланған және аккредиттелген білім беру қызметін іске асыруға байланысты қарастырылмайды.

5.29 ҚДБ бойынша оқыту нәтижелерінің сапасын ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау осы Ережеге, шартқа және белгіленген міндеттерді айқындауға сәйкес дербес не серіктес ЖОО өкілдерімен бірлесіп жүзеге асырылады.

5.30 Басшылықтың шешімі бойынша ҚДБ бойынша оқыту нәтижелерінің сапасын бағалау процесіне сыртқы сарапшылар тартылуы мүмкін.

## **6 ҚДБ-ға ТҮСУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

6.1 ҚДБ бойынша оқу ерікті түрде болады.

6.2 Студент ҚДБ бойынша оқу үшін серіктес ЖОО-н көрсете отырып, АӨУ өтініш береді. ҚДБ-на түсу үшін қажетті өтініш формасы мен құжаттар тізімі екіжақты келісімдер жасалған кезде бекітіледі.

6.3 Университет студент өтінішін қарап, оны ҚДБ бойынша оқуға қабылдауға дайын болған жағдайда, оның кандидатурасына келісу үшін

студенттің өтінішінде көрсетілген серіктес университетке құжаттар жиынтығын жібереді.

6.4 ҚДБ-ға оқуға қабылдау студенттің жеке өтініші бойынша серіктес ЖОО-ның әрқайсысында қолданылатын қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және серіктес ЖОО-ның әрқайсысында түсу емтихандарынан өту қажеттілігін қарастыруы мүмкін.

6.5 Серіктес ЖОО-ның өкілдерінен тұратын бірлескен комиссия студенттердің өтініші мен құжаттарын, олардың түсу емтихандарының нәтижелерін қарайды және оң шешім қабылданған жағдайда студенттерді ҚДБ бойынша оқуға ұсынады.

6.6 Қабылдау рәсімі АӨУ-де де, серіктес ЖОО-да да жүзеге асырылады. Бұл ретте оқуға қабылдау үшін қажетті құжаттардың түпнұсқалары университетте болады, ал нотариалды куәландырылған көшірмелері серіктес ЖОО-ға қабылдау үшін ұсынылады.

## **7 ЖОО ІШІНДЕГІ ҚДБ-ҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

7.1 ЖОО ішінде қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ерікті болып табылады

7.2 Студент екінші білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін университет ректорының атына өтініш береді.

7.3 Келіп түскен өтініш факультетте қаралады және студентті ҚДБ бойынша оқуға қабылдауға келіскен жағдайда, екінші мамандық бойынша оқу құжаттамасы (модульдік оқу жоспары, студенттің жеке оқу жоспары, жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі) әзірленеді және студент ҚДБ бойынша оқуға ұсынылады.

7.4 Қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау студенттің жеке өтініші және ректордың бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.

7.5 Бұйрық негізінде студенттің деректері күндізгі бөлімге «Univer» АБК енгізіледі, деңгейі – түсу жылына сәйкес екінші жоғары білім.

7.6 Студенттің өтінішін қарау кезінде анықталған академиялық айырмашылық академиялық кезең ішінде немесе жазғы семестр кезеңінде жойылады.

## **8 ОҚУ ЖӘНЕ ЖАТЫН ОРНЫ АҚЫСЫ**

8.1 ҚДБ бойынша оқу ақысын серіктес ЖОО-лар бағдарламаны іске асыруға олардың әрқайсысының нақты қатысуын ескере отырып, серіктес ЖОО-лардың ұлттық заңнамаларында белгіленген оны іске асыруға жұмсалатын шығындарының құнын негізге ала отырып айқындайды.

8.2 Шетелдік немесе басқа отандық ЖОО-да ҚДБ бойынша оқыту мына есептен қаржыландырылуы мүмкін:

- бюджеттен тыс қаражат;
- мемлекеттік және жеке қорлардың қаражаты;

- халықаралық ұйымдардың қаражаты, оларды алуда қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге де демеушілік құралдар;
- білім алушылардың жеке қаражаты.

8.3 ҚДБ бойынша оқыту серіктестер жасасатын келісімге сәйкес білім беру қызметтеріне ақы төлеу сәтінде іс жүзінде білім беру процесі жүзеге асырылатын серіктес ЖОО-да төленеді.


8.4 ЖОО ішіндегі ҚДБ бойынша оқу ақысын ЖОО мен білім алушы жасасатын қосымша келісімге сәйкес студенттің өзі төлейді.

## **9 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

9.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

9.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылады.

### **КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор  Л.Н.Мясникова